**Орманды жанама пайдаланғаны үшін төленетін төлем мөлшері туралы**

Маңғыстау облыстық мәслихатының шешімі 2001 жылғы 25 желтоқсандағы N 16/151. Маңғыстау облыстық Әділет басқармасында 2002 жылғы 8 қаңтарда N 660 тіркелді

Қазақстан Республикасының "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық Кодексі)" K010209_ Кодексінің 470 бабы 1 тармағы 5) тармақшасына және 473 бабына сәйкес облыстық мәслихат шешім етті:

Маңғыстау облысы бойынша 2002 жылы орманды жанама пайдаланғаны үшін төлем мөлшері облыстағы орманды пайдаланудағы өкілетті орган - орман және биоресурстар жөніндегі Маңғыстау облыстық аймақтық басқармасы жасаған есептеулер негізінде бекітілсін (тіркеледі).

Сессия төрайымы Р.Баданова

Облыстық маслихаттың хатшысы Б.Чельпеков

Облыстық мәслихаттың
2001 жылғы 25 желтоқсандағы
N 16/151 шешіміне жалғама

Маңғыстау облысы бойынша 2002 жылы орманды жанама пайдаланғаны үшін төлем мөлшері

| NN | Орман қоры | Өлшем бірлігі | Бағасы теңгемен әр бірлік үшін |
|---|---|---|---|

| | | |
|---|---|---|
| 1. Шабындық: | | |
| а) түсімділігі 5 ц.га дейін | га | 5 |
| б) түсімділігі 5,1 ден 8 ц.га дейін | га | 10 |
| в) түсімділігі 8,1 ц.га және одан жоғары | га | 15 |
| 2. Жайылым: | | |
| а) құнарлы | га | 10 |
| б) орта құнарлы | га | 5 |
| в) құнарсыз | га | 2 |
| 3. Орман - тоғай өспеген жерлер: | | |
| Бос алаңқайлар мен ормансыз жерлер | га | 5 |

Ескерту:

I. Участоктердің өнімді пайдалану пункттерінен қашықтығына байланысты белгіленген төлемге мынадай үстеме алынады:

- 10 км дейін - 1,5
- 10,1-ден 25 км дейін - 1,2
- 25,1-ден 40 км дейін - 1,0
- 40,1-ден 60 км дейін - 0,8
- 60,1-ден 80 км дейін - 0,6
- 80 км аса - 0,3

II. Ұзақ мерзімге (10 жылға дейін) берілген шабындықтар мен жайылымдарға және ауылшаруашылық мақсаты үшін емес уақытша пайдалануға берілген ормансыз жерлерге төлем екі еселенген жер көлемі категориясы бойынша алынады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК